жазық, теңіз жағалауы – осының бәрі созыңқы, ойлы да мұнды, ұзақ қалықтап ферматада тұрып алатын, көбіне жанама тонда аяқтайтын әндерде дөп бейнеленеді...Олар (қазақтар – Ә.Н.) өздерінің осындай ықшамды әрі дөп бейнеленген әндеріндегі музыкалық мазмұнымен көп нәрсені айтып үлгереді» [3, б.19] деп көрсетеді.

Ақтөбе өңірінің өзіндік сарыны бар киелі мекен. Бұл топырақта дүниеге келген талай шайырлар мен дарабоз күйшілердің, ақын – жыраулардың ел мәдениетіне сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Өкінішке орай, заман саясатына байланысты көбінің есімі аталуға тиым салынып, жалпақ қазаққа кең таныла қоймаған, тіпті тарих беттерінен жоқ болып кетуіне аз-ақ қалған. Бірақ, «Қанша ғасыр өтсе де мән-мағынасын жоймайтын, аумалы төкпелі заманға тап келсе де қадірі кемімейтін, өктемдіктің қылышына туралса, кейіннен бүтінделетін, қара күйе жағылса, соңыра сәуле шашып, жарқырай түсетін, қын түбінде жатпайтын алтын кездік секілді рухани құндылықтар болады. Елдің мұңын, халықтың қайғысын ойлап, ұлтын ұлықтап, жұртын жоқтаған арыстардың жәдігерлік дүниелері күрмеуі көп күрделі кезеңде қапасқа камалып, табанға тапалғанымен, түптің түбінде тарихтың шөгіндіні батырып, шын асылды қалқытып шығаратын толқындарына ілесіп, жағалауына жол тартады. Жаңа заманның жаңаша ойлайтын ұрпағының қолына тиеді. Бағасы аспандап, қадір-қасиеті артып, құндылығы еселеніп жетеді» – деп Б.Омарұлы [4] айтқандай, егеменді, тәуелсіз ел болғасын, бұл тұлғалардың өмір және өнер жолына үңілу біздің парызымыз.

Ақтөбе өңірінің жалпы дәстүрлі музыкалық өнерінің дамуына үлесін қосқан, осы топырақта дүниеге келген, қазақ өнерінің қаймақтарына айналған белді өкілдеріне тоқталып өтсек.

Ақтөбе десе, күй десе шүбәсіз ойымызға ең бірінші **Қазанғап** келеді. Батыс дәстүрлі күй мектебінің ірі өкілі Қазанғап Тілепбергенұлы(1854-1921) Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы Айшуақ ауылында дүниеге келген. Топырақ бұйырған жері – сол Ақбауыр маңы. Шыққан тегі – Ұлы жүз құрамындағы байырғы тайпалардың бірі – Шанышқылы.

Бойы өсіп, бұғанасы қатып үлгермей-ақ Қазанғаптың маңдайына қойшылық өмір бұйырған. Қой соңында өткізген он жылда ол домбыраны жан серігі етіп, өзінің сезім –түйсігін күй тілінде сыртқа шығаруды машық етеді. Содан, оң-солын тани бастағанда күйге біржола өмірінарнамақ болып, әке-шешесінен рұқсаталады. Доңызтау-Аққолқада Төреш, Бесқалада Орынбай, Құрманғаз, Орынборда Үсентөре сияқты әйгілі домбырашылармен кездеседі. Арал алабын, Үстірт, Маңғыстау

аймағын, Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай, Троицк, Орынбор, төңірегін шарлап, ел ішіндегі күй сарындарын көкірегіне армансыз сіңіреді. Небір додалы күй сайыстарына түсіп, өнерін шыңдайды. Мұның бәрі Қазанғап бойындағы тегеурінді дарынның жарқырай көрінуіне, шабыт тұғыры болуына себепші болады. Қазанғап қарақалпақтар ортасында болған кезінде Балжан деген қызбен көңіл жарастырып, бас құрауға уәде байласады. Алайда жоқ-жітік тірлік кешкен қарт әке-шешенің жағдайымен Қазанғап уәделі уақытта Балжанға келе алмайды. Кейін тағдыр айдап, тұрмысқа шыққан Балжанға ұшырасады. Сонда Балжан:

«Қазанғап аға, тағдырдың бұйрығы осылай болды. Менде жазық жоқ, сағынышты серік етіп, уәделі мерзімді екі еселеп күтіп-ақ едім. Кінә өзіңізден, енді арамызда өкпе мен өкініш қалмасын. Уәдеде тұра алмаған айып-шамыңызға өмір бойы маған күй арнап өтіңіз!» – деп, ашық мінезбен ағынан жарылады [5, б.8].

Қазанғап адалдық пен сұлулық айғағындай Балжан аруды өмір бойы күй арқауы, шабыт тұғыры етіп өткен. Қазанғап шығарған күйлердің ішінде Балжанға арналған күйлер циклы қазақ күй өнерінің ең бір шуақты шоғырына жатады.

Қазанғаптың 90-ға жуық күйлері бар. Алғаш шығарған күйі – «Торы ат» (1875). 1894-95 ж. Маңғыстауда болғанда түрікмен әндерінің әсерімен «Кел сәнә батыр, кел сәнә» күйін шығарды. «Ақжелең» деп аталатын күйлердің негізін салушылардың бірі әрі оны дамытушы. Ол адам жанын тебіренерлік, терең мағыналы, әуен жағынан сазды келетін Ақжелеңнің 62 түрін («Кербез Ақжелең», «Серпер Ақжелең», «Бұлбұл Ақжелең», «Тентек Ақжелең» т.б.) шығарды. Олардың әрқайсысының атына, мазмұнына сәйкес музыкалық екпін – өлшемін өзгертіп, осы күйлерінің өн бойында өзіндік стильдік ерекшеліктерін сақтап отырады. Ол осы күйлер циклының жиынтығы ретінде «Күй басы» атты күйін шығарды [6, б. 412].

Жалпы, Қазанғап – эпикалық күйші. Оның күйлері қазақтың өткеніне де, бүгініне де, болашағына да терең бойлайды.

XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басында Ақтөбе өңірінде өмір сүрген ақындар мен әншілер ішіндегі аты халыққа кеңінен мәшһүр болғандардың бірі, әрі бірігейі **Тәңірберлі Молдабай** (1858-1923) еді. Молдабай 1858 жылы Ақтөбе облысы, Бөрілі болысындағы Үшінші ауылы, қазіргі Мәртөк ауданында дүниеге келген. Молдабай жылқы жылы туғандықтан, атын Жылқышы деп қойыпты, яғни азан шақырып қойған, шын аты –Жылқышы. Әкесі малшы болған. «Орынбордың алдында тағалаған жорғадай» деп өлеңде келтіргендей әнші өзін жорғаға теңегені тегіннен тегін емес деп болжауға болады.

Жылқышы ауылындағы медреседе үздік оқыпты. Атасы Торғай ақын жанды, сері болған соң, немересіне ескі діни қиссаларды, халық әндерін айтқызып, домбыра тартуға машықтырыпты [7, б. 26].

Атасы Торғай қонақжай, үйіне әнші, күйші өнерпаздар көп шақырылатын, көп келетін отбасы болған екен. Бұл жағдай жас таланттың әнге, домбыраға құмарлығын оятады. Сонан Молдабай малшылыққа емес, әншілікке бой ұрады.

Молдабай – тұлға. Молдабаймен композитор, күйші Қазанғап кездескен, бір-біріне аса үлкен әсер еткен. Молдабай Әбілқайыр хан ұрпағы, күйші Қамбар Медетовпен де тығыз достық қатынаста болған.

Молдабай туралы деректер іздегенімізде, Ахмет Жұбановқа сүйенгеніміз айдан анық. Ахмет Жұбанов өз заманында Илья Жақанов ағамызбен жақын араласқан. Илья ағамыз «Қазақтың пионері» газетінің әдебиет және өнер бөлімін басқарып жүргенінде, сол кезде Ахмет Жұбанов мектеп оқушыларына арнап сал, серілер мен күйшілер жайында шағын-шағын мақалалар жариялатып жүрген. Сонда: «Мен Ахаңмен тез шүйіркелесіп, етене араласып кеттім. Ахаң бір жолы емен-жарқын әңгімелесіп, өзінің ақтөбелік екенін айтты. Ол жердегі әнші-күйшілерді сөз қылып, былай деді: «Солардың ішінде Молдабай әншінің жөні бөлек. Дала Рыцары! Дара тұлға! Сал, серілердің бізге жеткен көзі. Сонау Арқадағы жонглер әнші, циркач – Кемпірбай, балуан Шолақ, Берікбол, Тайжан, Шашубай секілді әр қырынан жарқылдаған алапат жан. Дала артисі! Мұндай адамдар өмірге бір-ақ рет келеді», – деген екен [7, б. 6].

Молдабай да нағыз ақынша өмір сүрді. Кербез кедей! Шаруаға қырсыз. Күйбең тірлікке қолы бармаған. Бар өмірі ат үстінде, той-думан, ойын-сауық, дуылдасқан халық ортасында...аққулы көлдер мен сырнайлы өзендердің жағасында, жасыл жайлау төрінде өткен. Құс салып, ит жүгірткен. Табиғаттың еркебұланы болған.

Молдабай әрі ақын, әрі әнші, әрі сазгер, әрі әр түрлі қалыпқа ене алатын актерлік қабілеті болса керек. Ойын-тойда жиналған топтың көңілін көтеріп, ішек-сілелерін қатыра күлдіреді екен. Осы қасиеті туралы Көкжар жәрмеңкесінде көзімен көрген Сарышолақ шайыр өзінің «Намыс» атты дастанында былай дейді:

«Тәңірберлі Молдабай,
Әуелете әндетіп,
Белден басып жалғанды-ай,
Күлкіге бөлеп сәндетіп,
Ішегі жұрттың түйіліп,
Аяқ-қолдан әл кетіп,

Ол шайтанды да ілдірер,
Өлгенді де күлдірер», – деген екен.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Молдабайдың әнін Республика сахнасына тамаша алып шыққан, ел арасында таратуға үлкен еңбек еткен әнші – Әли Құрманов. Әли Құрманов «Молдабай» әнін ерекше екпінмен, ойнақы, еркін, бай мимика, бет, қол, дене қимылдарымен орындаған. Домбыраны әр түрлі қағу тәсілдерімен қолдарын неше сақ қимылдарға жүгіртіп, сілтеп, ойнақшытып тартып, тыңдаушыларының айызын қандырып, көрермендерін қыздырып айтқан.

Молдабай таза өнер адамы, алайда көркем сөз қасиетін өзгеше пайымдаған Совет үкіметі «Алтын қалпақ, жез телпек, Хандар киер көзіне» деген бейкүнә сөздері үшін шығармалырының жариялануына, әндерінің орындалып, насихатталуына тыйым салды. Сол инерциямен әлі күнге өнерпаздың шығармашылығы кеңінен зерделенбей келеді. Өкінішке орай, Молдабайдың әндері жазбаша да, ауызекі де көп сақталмаған, көбі уақыт өте ұмытылған. Әзірге бізге жеткен әндері: «Молдабай», «Қойшының әні», «Бестоспа», «Сусар-ай». Бірақ, осы әндерінің ішінде Молдабайды Молдабай қылып, тарихтан өз орнын ойып тұрып алдырған әні осы «Молдабай» еді. Жалғыз 1 әнмен күллі қазақ жұртшылығының айзың қандырған ерекше талант иесінің шағын өмірнамасы әзірге осындай.

Ақтөбенің өңірінен шыққан біртуар тұлға, қазақ халқының тұңғыштарының бірі **Ахмет Қуанұлы Жұбанов** (1906-1968). Ол кісінің, жалпы қазақ өнеріне жасаған еңбегі ұшан-теңіз. Қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер, Қазақстанның халық әртісі, республикамыздағы өнертану ғылымының тұңғыш докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылғанда тұңғыш сайланған алты академиктің бірі (Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Бектұров, С.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев), Жамбыл атындағы қазақ филармониясының тұңғыш директоры және көркемдік жетекшісі, қазақтың тұңғыш хор капелласын ұйымдастырушы, тұңғыш би ансамбліні құрушы, қазіргі Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының негізін қалаушылардың бірі және оның директоры, осы консерваториядағы қазақ халық аспаптары кафедрасының іргетасын қалаушылардың бірі және кафедра басқарушысы, қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің негізін салушы және оның көркемдік жетекшісі, бас дирижері.

Ол Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, Жұрын ауылында 1906 жылы 29 сәуірде өмірге келген. Ахмет Қуанұлы қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп тануда, жорып түсіндіруде және жүйелеп

насихаттауда жаңа сапалы биіктен көрініп, кезеңдік мәні бар қажыр-қайрат көрсеткен тұлға.

Алғашқы музыкалық әліппе, қазақ музыкасын зерттейтін ғылыми кабинет, музыкалық сынақ шеберханасы, Ғылым академиясындағы өнертану секторы, Қазақ халық оркестрі, Қазақтың мемлекеттік филармониясы, Қазақ консерваториясы, ондағы халық аспаптары кафедрасы, Қазақтың музыкалық театры, қазақ музыкасы туралы оқу құралдары, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімі, міне, осының бәрінің ұйытқысы А.Қ. Жұбанов болды. Мұның сыртында дирижерлік, ұстаздық, ғылыми-зерттеушілік, қоғамдық, әсіресе шығармашылық жұмыстарының өзі сала-сала болып, құнарлы арналарға ұласады.

А.Қ. Жұбановтың мұрындық болуымен қыркыншы жылдары ұйымдастырылған ғылыми экспедиция сексенінші жылдарға дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінен 10 мыңдай ән-күй нұсқаларын жинаған. Қазақтың кәсіпқой халық композиторларының өмір дерегін жинастырып, шығармаларын нотаға түсіріп, одан соң көнігі әнші-күйшілерге үйрету арқылы халықтың рухани игілігіне айналдыруда теңдессіз еңбекқорлық пен іскерліктің үлгісін Ахмет Қуанұлының өзі көрсетіп отырды.

А.Қ. Жұбановтың ғалым, педагог, композитор, орындаушы және ұйымдастырушы ретінде қазақтың музыкалық мәдениетіне сіңірген еңбегі ұлттың мәдени рухани шежіресіндегі ең көрнекті белестердің бірі болып қалады.

Ахмет Жұбанов қазақтың ұлттық өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болған. Ленин орденімен, және тағы басқа ордендермен, медальдармен марапатталған.

Алматы қаласының көшелерінің біріне, Республикалық музыкалық мектеп-интернатқа Жұбанов есімі берілген. Ақтөбедегі музыка колледжі және көше атауы ағайынды Ахмет және Құдайберген Жұбановтар есімдері берілген. Өзі ұзақ жыл тұрған үйдің қабырғасында ескерткіш тақта орнатылған.

2006 жылы Ахмет Жұбановтың 100 жылдық мерейтойына орай Ақтөбе қаласындағы Ғазиза Жұбанова атындағы облыстық филармония ғимаратының алдында композиторға арнап үлкен ескерткіш орнатылған.

Қазанғаптан бастау алған осынау киелі топырақта бұдан бөлек Қамбар Медетов, Жәлекеш Айпақов, Бақыт Басығараев, Айса Шәріпов, Сәдуақас Балмағамбетов, Абдрашид Райымбергенов, Абдулхамит Райымбергенов сынды күйшілер мен осы топырақта ізі қалған Балқы

Базар жырау, Әбубәкір Кердері сонымен қатар жыраулық мектептің белді өкілдері Өтім жырау, Қосым жырау, төртқара Теңізбай жырау, жолшара Қайырмақал, Қалмұрат жырау, қырықмылтық Қарасай жырау, жоли Жақсылық, жаманша Әбдімұрат, шөмекей Мұратбай, төртқара Оразбай, табын Ережеп, шөмекей Сүйіндік, Сүйкімбай жыраулар, кердері Құдайберген, кішкене Сереке, адай Қашаған, Аралбай жырау, бегей Жақсылық, табын Таңжарбай, қосқұлақ Таңатар, төртқара Тұрғанбай, Алдаберген Тасқынбаев, Сарыбай жыраулар, жеменей Қобылаш, тама Әкімгерей, әлім Қарасай жырау, Қотырбас жырау, Бүркітбай жырау, Жалғасбай жырау, Нұрпейіс Байғанин, Хайрулла Иманғалиев, Арыстан жырау, Құдабай жырау, Наурызбек жырау, ең алғаш ұлт-аспаптар оркестірін құрған, Қазақстанның композиторлық мектебін қалыптастырушылардың бірігейі, дара тұлға Ахмет Жұбанов, әке жолың қуған Ғазиза Жұбанова, сынды тұлғалармен Сарышолоқ Боранбайұлы, Тәңірберген Молдабай, Қызыл Тұрдалыұлы, Сары Батақұлы, Әли Құрманов, Жүсіп Сейілов атты дарабоз әншілер мекен еткен.

Ақтөбе өңірі – ертеден батырлар мен ақындардың елі атанған, тамыры терең тарихы, жомарт жері мен еңбеккер елі бар қасиетті мекен. Әбілқайыр ханның ордасы қонған, Қобыланды батырдың қонысы болған осы топырақ – небір шайырлар мен билердің, сөз зергерлерінің кіндік қаны тамған жер. Асанқайғыдан бастау алып дархан даламызда салтанат құрып келе жатқан сөз өнері керуенінің қоржынын толтырып, ата-бабаның аманатын болашаққа жеткізу бүгінгі буынның еншісінде. Осыншама таланттарды дүниеге әкелген, осы бір киелі өңірде туылғанымызбен біз әрқашан мақтанамыз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Нұрман. Қазақтың әншілік дәстүрі. – Алматы, 2009. – 238б.
2. Қазақ ССР тарихы. 1 том. – Алматы, 1957.
3. А.Затаевич. 1000 песен казахского народа. – М., 1963, – Б. 19.
4. Ә.Оспанұлы «Қиуа жорығы жайында», Көкбөрі газетінің 2003 жылғы тамыз айындағы 3 санында.
5. С.Балмағамбетов. Қазанғап. – Ақтөбе : «Ақжар – АБК», 2005. – 120 б.
6. Қазақ өнері энциклопедиясы. – Алматы: Қазақстанның даму институты, 2002. – 800б.
7. Молдабай. Өлең, ән сөздер, зерттеулер. – Ақтөбе: Литера-А, 2012. – 110 б.

ФЛЕЙТА КАК НОСИТЕЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ОБРАЗНОСТИ (НА ПРИМЕРЕ «МУЗЫКИ ДЛЯ ФЛЕЙТЫ И ФОРТЕПИАНО» С. АБДИНУРОВА)

Сейтмулина Л.

*Казахский национальный университет искусств
Научный руководитель – кандидат искусствоведения,
доцент Абдрахман Г.Б.*

На всех этапах функционирования казахстанской композиторской школы ведущей задачей композиторов было отражение в музыке национального содержания и образности. Эта задача решалась различными путями: через обращение к национальной сюжетике, использование возможностей синтеза традиционных и европейских жанров, преломление интонаций народной музыки или воспроизведение типичных для казахского фольклора ритмоформул. В камерно-инструментальной музыке в этом плане отчетливо выделились две встречные тенденции: с одной стороны, народные инструменты становятся равноправными участниками европейского оркестра/ансамбля, с другой – композиторы наделяют европейские инструменты новым «амплуа», стремясь приблизить их к звучанию инструментов национальных.

Показательным в этом отношении является произведение С.К. Абдинурова «Музыка для флейты и фортепиано». Это яркая концертная пьеса относится к ранним сочинениям автора, она написана в студенческие годы. Но уже в ней проявляются важнейшие черты индивидуального стиля композитора: тяготение к этнически окрашенной проблематике, образная конкретность, национальная почвенность музыкального языка.

Характерным для последующего творчества С.Абдинурова станет и имеющая место в рассматриваемом произведении ориентация при создании инструментальной музыки на конкретных казахстанских исполнителей. «Музыка для флейты и фортепиано» была написана для выдающего флейтиста, лауреата международных конкурсов К.А. Жумакенова, но, по стечению обстоятельств, произведение так и не было им исполнено. Тогда еще студент и начинающий композитор, С.Абдинуров не решился подойти со своим произведением к такому маститому музыканту, как К.А. Жумакенов. Но во время работы над сочинением он ориентировался на художественные предпочтения казахстанского мастера флейтового исполнительства, который был, как известно, сторонником современной трактовки образно-

интонационного содержания музыки и тяготел к использованию нестандартных исполнительских приемов, таких, как, например, *frullato* или флажолеты. Имея большой исполнительский репертуар, К.А. Жумакенов, с особым энтузиазмом играл сочинения современных ему композиторов Казахстана. Последние, со своей стороны, создавали свои инструментальные опусы специально для него. К числу таких произведений, относятся, например, две пьесы для флейты соло «Пейзажи» Г.Жубановой, «Сонатина для флейты соло» Т.Мухамеджанова и многие другие.

«Каждое произведение С. Абдинурова предлагает новый вариант интерпретации национального, имеет свой взгляд на страницы истории и культуры казахов, приближая и актуализируя их содержание в реалиях сегодняшнего дня», – пишет исследователь Г.Ураевская, характеризуя особенности творческого подхода композитора к созданию музыки [2, с. 30]. И «Музыка для флейты и фортепиано» не является в этом смысле исключением. В этом произведении композитор воспроизводит дух национальной эпической образности. Смысловую концепцию произведения можно связать с изображением процесса становления степного героя-батыра, его взросления и обретения качеств, характеризующих зрелого воина – силы, отваги, мудрости. Создав образно конкретную музыку, автор при этом избегает столь же конкретного жанрового определения своего произведения и не дает программного подзаголовка. Он обозначает сочинение как «Музыка для флейты и фортепиано», следуя в этом отношении по пути Б.Бартока, создавшего «Музыку для струнных, ударных и челесты», С.Губайдулиной с ее «Музыкой для флейты, струнных и ударных» и «Музыкой для клавесина и ударных инструментов из коллекции Марка Пекарского», В. Полевой – автора «Музыки для струнных, ударных и флейты». В этом же ключе обозначены «Музыка для хора флейт» Крейга Бакалиана, «Музыка для оркестра» Ли Чена, «Музыка для флейты, гобоя и виолончели» Вивиана Файна. Аппелляция в заголовке произведения к исполнительскому составу, как правило, – нетипичному, в сочетании с общим понятием «музыка», смещает смысловые акценты в плоскость темброво-звуковой выразительности, которая и становится основным носителем музыкального содержания. При этом это содержание не имеет жанровых ограничений и потенциально безгранично по смысловому диапазону.

В «Музыке для флейты и фортепиано» С.Абдинуров, в целом, следует традиции, сложившейся в произведениях типа «музыка». В центре внимания пьесы находится тембровая характеристичность

флейты, ее большой темброво-колористический потенциал, которые выступают основным носителем образа и доминирующим выразительным средством в его создании. Европейский академический музыкальный инструмент – флейта – трактуется как традиционный казахский, причем не только в его духовой разновидности (саз-сырнай, сыбызгы), но и как струнно-смычковый (кыл-кобыз). На это однозначно указывают авторские ремарки, выставленные композитором в нотном тексте, где указано, что флейта должна звучать «имитируя кобыз» или «имитируя сыбызгы».

Несмотря на то, что казахские народные инструменты – струнно-смычковый кыл-кобыз, духовые саз-сырнай и сыбызгы – имели весьма ограниченный по сравнению с однотипным европейским академическим инструментарием звуковой диапазон, в многовековой практике их бытования сложились сферы их использования и были выработаны многообразные приемы звукоизвлечения и штриховой техники. Скольжение пальцев по струнам кобыза имитировало вой волков, а мягкое нажатие на гриф подушечкой пальца – ощущение полетности; изображение завывания ветра или пения птиц было типично для сыбызгы. [3, с. 8] Саз-сырнай употреблялся преимущественно в детских забавах и развлечениях. Тембровые характеристики народных инструментов тесно связаны с материалом изготовления и формой инструментов. Для кыл-кобыза – это цельный кусок дерева, верхняя дека инструмента обтягивалась верблюжьей шкурой. Две струны из конских волос при задевании смычком, изготовляемом также с помощью конского волоса, издавали хрипловатый и несколько гнусавый звук, напоминающий человеческий голос. Для сыбызгы – это тростник или дерево: музыкант вдует воздух в утолщенный конец инструмента полужакрытым ртом, причем, слегка издает звук и голосом, в результате чего слышится мягкий гул [3, с. 20]. Для саз-сырнай – детского инструмента малого диапазона – это глина.

В рассматриваемой пьесе С.Абдинурова европейская флейта каждый раз должна менять свой звуковой облик и выступать в роли народных инструментов. Смена тембров в процессе становления интонационного материала происходит в соответствии с этапами развития основного эпического образа. Их можно уподобить сложившейся в казахской традиционной культуре возрастной циклизации, которая подразумевала наличие определенного круга музыкальных жанров и инструментов, характерных для каждого конкретного возрастного периода. Детство – это колыбельные и детские песни, детские инструменты (саз-сырнай, ускирик, тастауык, шанкобыз). Юность и молодость – это

любовные песни и кайым-айтысы, сыбызгы и домбра. Для зрелости и опыта характерны песни-размышления и назидания, айтысы и эпические произведения, а также кобыз – священный инструмент, использовавшийся в практике шаманов-баксы и сказителей – жырау.

Партия флейты в «Музыке для флейты и фортепиано» С.Абдинурова, как носитель эпического образа, меняет свое темброво-звуковое обличие в соответствии с этапами и событиями в жизни героя-батыра. Первое знакомство с ним во вступлении выдержано в темброво-регистровой окраске саз-сырная (детство). В среднем разделе включается тембровая имитация кобыза. Мелодия напоминает плач матери, провожающей своего сына на битву. Дальнейшее звучание флейты в сыбызговом формате создает образ молодого батыра, готового к боевым сражениям и походам: характерный кюевый ритм вводит слушателя, а атмосферу проходящей битвы, представленной в кульминации. Плачевой тематизм, который звучал в среднем регистре с ремаркой «имитируя кобыз», возвращается. Но в финале он звучит в высоком регистре – во второй и третьих октавах, на диминуэндо и растворяется на нюансе *pppp*.

Рассмотрим описанные этапы более подробно с акцентом на задачах исполнителя, создающего основной художественный образ.

Вступление *Andantino cantabile* основывается на свободном порыве мелодии в партии флейты (*ad libitum*). С первых тактов произведения устанавливается типичная для народной музыки ритмическая свобода, создающая ощущение импровизационности высказывания. Тембровая линия солирующего инструмента близка к звучанию народного инструмента саз-сырная. Характерно обилие мелизмов, мелодия развивается во второй октаве, звучание флейты мягкое, легкое и игривое:

Пример № 1

Flute

Andantino, Cantabile
ad libitum

6

В основном разделе – *Maestoso* – партия солирующего инструмента имитирует звучание сыбызгы и кобыза. Импровизационность, свойственная народному музицированию, сохраняется за счет отсутствия темповых градаций:

Пример № 2

22 (имитируя кобыз)
 25 (имитируя сыбызгы)
 30

Звук кобыза, как известно, имеет своеобразный гнусавый, и даже злоеший характер, отчасти напоминающий тембр флейты в первой октаве. Применение исполнителем вибрато в нижнем регистре придаст звучанию классического инструмента загадочность и мистичность, которые присущи кобызовой звучности [4, с. 20].

Простая конструкция сыбызгы дает особо трепетный, «природный» тембр инструмента и богатые обертоновые призвуки. Для максимального сходства звучания флейты с народным инструментом музыканту следует во время исполнения использовать голос [5, с. 116]. Так, благодаря заимствованному исполнительскому приему, может быть достигнут эффект мягкого гула, аналогичного звучанию сыбызгы. (Пример 2)

Развитие мелодической линии в партии флейты сопровождается усложнением ритмического рисунка. В кульминационном разделе присутствует сопоставление двух образно-тематических пластов: национального и современного. Образная сторона произведения, связанная с традиционной культурой, переходит в партию фортепиано. Флейтовое развитие связано в этом фрагменте с виртуозными приемами исполнения, вызывающими некоторые технические сложности: резкая смена тесситуры, обилие пассажей, октавные скачки. Все это требует от исполнителя хорошей профессиональной подготовки.

Частое использование в динамизированной репризе современных

технических приемов, таких как *frullato*, флажолеты, смена динамических оттенков, – все это возвращает слушателя к классическому звучанию флейты.

Таким образом, в «Музыке для флейты и фортепиано» основной акцент делается на темброво-колористические возможности флейты. Она трактуется в новом ключе, представляя перед слушателем не только и не столько как классический инструмент, сколько как потенциальный носитель народно-тематической образности и звучности. Автор ставит перед исполнителем непростую задачу: искусно владея тембровой палитрой красок, максимально приблизиться к звучанию казахских народных инструментов. Тембровая «перекраска» звука является ведущим звеном в раскрытии композиторского замысла. Основываясь на этом приеме, флейта перерождается, представляя в совершенном новом для европейского инструмента звучании.

Список использованной литературы:

1. Абдинуров С. «Музыка для флейты и фортепиано». Рукопись. – Алма-Ата, 1990.
2. Ураевская Г. Особенности баянного творчества Серикжана Абдинурова. – Астана: Мастер По, 2012. 89 с.
3. Жубанов А. Струны столетий. – Алматы: Дайк – Пресс, 2001, С. 8, 20.
4. Затаевич А. 1000 песен казахского народа. – Алматы: Дайк – Пресс, 2004, С. 20
5. Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк – Пресс, 2002, С. 116.

М.ОМАРОВТЫҢ «ГҮЛДЕНГЕН АСТАНА»: АЛЫТ РЕПЕРТУАРЫН КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ АЯСЫНДА

Серкебаева А.

*Қазақ ұлттық өнер университеті
Ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты,
профессор Альпеисова Г.Т.*

*Альт - философ аспабы, аздап қайғылы және тыныш. Альт
әрқашан басқа аспаптарға көмектесуге дайын, бірақ ешқашан өзіне
арнайы назар аудармауға тырысады
Альбер Лавиньяк*

Альт – ішекті аспап, симфониялық оркестр, квартет, камералық ансамбльдерде өзінің ерекше орны бар. Альт, барлық аспаптардың ішіндегі ең көнесі болып саналады. Оның пайда болу уақыты XV-XVI ғасырларға жатады. Аспап қазіргі заманғы нысанға сай кейпін алғашынан алған. Үздік дизайнын итальяндық шебер Антонио Страдивари әзірлеген.

Жеке орындаушылар көбінесе классикалақ үлкен өлшемдегі аспапта өнер көрсетеді. Жеке аспап ретінде альт сирек қолданылады. Бұған себеп шағын репертуар ауқымы болып табылады. Дегенмен, Юрий Крамаров, Ким Кашкашян, Юрий Башмет, Вадим Борисовский, Рудольф Баршай, Фёдор Дружинин сияқты жақсы альтистер бізге танымал.

Орындаушылық өнерінің тарихында, тіпті, әйгілі музыканттар ойнап, альт аспабын игерген. Әдетте ол музыканттарда үлкен тербеліс, ірі денелі, қолдарының саусақтарының созылуы жақсы болған. Ұлы композиторлар, И.С. Бах, В.А. Моцарт, Л.В. Бетховен, А.Дворжак, Б.Бриттен, П.Хиндемит альт аспабында ойнаған. Әйгілі скрипкашылар Дэвид Ойстрах пен Никколо Паганини бұл аспапты жетік меңгерген. Г.Берлиоз айтуынша: «Өзінің тамаша дыбысына қарамастан, оркестрдағы альт аспабы көп уақытқа дейін жеке аспап ретінде қаралмады» [1, б. 9].

Әдетте, альт аспабын ерте жастан бастап үйретпейді, арнайы мектептердің жоғарғы сыныптарында, немесе колледжге түскеннен кейін ғана ойнауға болады. Кей кезде жоғарғы оқу орнында да, скрипка аспабынан альт аспабына ауысып жатады.

Қазіргі таңда, альтқа арналған белгілі бір репертуар қалыптасты, соның ішіне қазақ композиторларының шығармалары мен қазақ әндері мен күйлерінің өңдеулері еніп келеді. Солардың ішінде, атақты

А.Жұбановтың «Ариясы», «Романсы», М.Төлебаевтың «Поэмасы», А.Жұбановтың күйі «Жезкиік», К.Күмісбековтың «Поэмасы», Е.Брусиловскийдің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» балетінен соло, Е.Брусиловскийдің «Бозайғыр» сюитасының финалы, Е.Рахмадиевтың «Сонатасы», Ғ. Жұбанованың «Жеке алытқа арналған 4 пьесасы», М.Сағатовтың «Күйі», С.Туякованың «Керуен» шығармаларын атап өтуге болады.

Алыт аспабына арналған қазақ шығармаларының ауқымы көп емес. Жас музыканттар мен студенттердің қазақ композиторларының шығармаларын көбірек ойнасын деген мақсатпен, арнайы алыт аспабына жазылған «Ертіс өңірі» композиторлар Одағының мүшесі, Мұратбек Құрманұлы Омаровтың «Гүлденген Астана» пьесасын енгізгіміз келіп отыр.

Семей қаласының тумасы, Семей өңіріне танымал сазгер, білікті ұстаз, М.Омаров 1955 жылы 11 ақпанда Үржар ауданындағы, Қызыл ту ауылында дүниеге келген. Анасы Мәруа керемет саңғырлаған дауысқа ие болған жан еді. Ал әкесі Құрман, музыкаға жақын болмаса да, тұқымдары домбырамен ән айтуды жақсы көрген. Туған ауылында 1962 жылы мектеп табалдырығын аттап, тоғыз сынып білім алады. Ал 1970 жылы Семей қаласындағы С.Сейфуллин атындағы №1 мектеп интернатына келіп оқуын жалғастырады. Интернатты бітіргеннен кейін Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесіне кларнет сыныбына оқуға түседі. Сол жылдары өзінің музыка деген махаббаты ашылады. Фортепиано аспабын жақсы меңгергеннен кейін, ойына небір жақсы әуендер келіп, нотаға түсе бастайды. Тек қана, 1979 жылы оқуын жалғастыру мақсатында Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясына түскен шағында еркін музыка жазуға көшеді. Консерваторияда әйгілі музыканттармен тасынып, сол кездегі ректор Ғазиза Ахметовна Жұбанова композиторлық жадысында үлкен әсер қалдырды. Белгілі қазақстандық музыкатанушы Г.Б.Абдрахманның айтуынша «Қазақстандағы заманауи әуесқой әнші өзін-өзі дамытудың ең маңызды функцияларын және қазақтың дәстүрлі әндер формаларын жаңа әлеуметтік- мәдени дағдайында жүзеге асырады және ұлттық ән мәдениетінде терең тамырға ие. Ол халықтың ән-коммуникациясының алғашқы кәсіби формаларын синтездейді» [2, б. 291]

«Қанша уақыт өтсе де, өзінің туған жерге деген ыстық ықыласын үзбей келеді. Мұратбек ағаның атамекеніне арнаған, сол сияқты лирикалық, патриоттық әндердің легін бүгінде тағы да бірқатар жаңа әндер толықтырды» [3, б. 292]. М.Қ. Омаров ірі жанрларда, камералық жанрларда біршама шығармалар және көптеген әндер жазды. Солардың ішінде, Астанамыздың 20-жылдық мерей тойы қарсаңында алыт

аспабына арналған «Гүлденген Астана» атты пьеса дүниеге келді.

Альт аспабын үйреніп келе жатқан жас музыкантқа пайдасы тиетіні анық. Скрипкадан кейін альт аспабына үйренген кезде, өзіндік қиындықтар пайда болады. Саусақ аралық созылым, альт дыбысының күңгүрт ырғағына, оң қолды смычок бойымен жүргізу, аспаптың мойнының ұзындығына, гриф бойының кеңдігіне бейімделу керек деген сияқты ыңғайсыздықтарға үйрену үшін, қазақ композиторларының, қазақ шығармалары арқылы үйрену өте пайдалы деп ойлаймын. М. Омаровтың бұл шығармасын тыңдағанда Астанымыздың гулдей жайнаған бейнесі, алдыңғы елдер қатарына қосылу талпынысын, жаңа, әдемі, әсерлі, Астанамызды жаңа қырынан елестетуге болады.

Жаңадан аспапты игеріп, көздерін алыт кілтіне үйреніп келе жатқан, жас музыканттарымызға пайдасы мол шығарма. Біріншіден, бұл шығармада ішектер арасындағы секіртпелер өте байсаң, екіншіден қол аралық созылымға пайдасы мол, үшіншіден аспаппен танысуды, үйренуді, қазақ шығармасынан бастағанға не жетсін.

Шығарма үш бөлімді. Бірінші бөлім Аллегро ырғағында, тез, жылдам, шығарманың басынан бастап белсенді ырғақ беріледі. Шығарманың бастапқы нотасынан бастап-ақ мерейлі көңіл куй, нақты ритмнің әсерінен темпке бірден ену, және оны ұстау қиындыққа соқпайды. Бұл ырғақты қозғалыстар жаттығу ретінде өте пайдалы, және нотаны беттен оқу мақсатында уйреніп келе жатқан жас буын студенттеріне жақсы бастау береді. Барлық бірінші бөліктегі акценттерді оң қолдың көмегімен смычоктың ортасынан жоғарғы бөлігіне дейін кішкентай қозғалыспен орындаған жөн.

Пьсаның ритмі Құрманғазының Балбырауын күйіне жақын. Және бұл ритм шығарманың басымдық жағында кездеседі.

Viola

Гүлденген Астана


М. Омаров

Allegro

§



Ортаңғы бөлімі – анданте – әдемі, әсерлі нәзік әуен, қазақ лирикалық мәнерлі әуендеріне жақын.



Үшінші – қайталама бөлім – өте салтанатты, қуанышты бөлім. Әуенінде жоғарғы тоника бекітіледі. Бір ұзақ және екі кіші ұзақтықтар ырғағы соңғы салтанатты бөлімдерге тән штрихы қолданылған.



Акценттер бірсарынды легатоға ауысады, оларды саусақтардың жеңіл қимылымен смычоктың кішігірім бөлігінде орындау керек.

Еліміздің гүлденген шағында, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында, қазіргі таңда музыканттардың орындаушылық репертуары тек еуропалық емес, ұлттық шығармалардан тұрса, нұр үстіне нұр болатын еді. Елбасымыздың айтуынша «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» [4]. Осыған орай, М.Қ. Омаровтың алыт

аспабына арналып жазылған, орындаушылық тұрғыдан көптеген талаптарға сай, «Гүлденген Астана» пьесаның алатын орны ерекше.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Понятовский С.П. История альтового искусства. – М.: Музыка, Москва 2007. – 335с., ил., нот.
2. Абдрахман Г. Современное самодетельное песнетворчество в казахской музыкальной культуре. – Алматы, 2002. – 176 с.
3. «ҚазҰӨУ-нің 20 жылдығына байланысты «VII БОРАНБАЕВ ОҚУЛАРЫ: КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ, ТӘЖІРИБЕСІ, КЕЛЕШЕГІ»: Қазақ ұлттық өнер университетінің Халықаралық ғыл.-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Астана, ҚазҰӨУ, 2018. – 504б. – қазақша, ағылшынша, орысша.
4. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ КИЕЛІ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Тажибоева Г.

*Қазақ ұлттық өнер университеті
Ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты,
ҚазҰӨУ доценті Кузбакова Г.Ж.*

Қазақ басқа халықтарда кездесе бермейтін небір ғажайып өнер түрлерін игерген. Суырыла сөйлесе, көпті аузына қаратқан шешен, қарасөздің қаһарымен талайды қамыстай қалтыратып, мейірлене сөйлесе, бүкіл жан әлемінің жылуы мен шуағын тіл ұшынан төккен халқымыз ұрпақтан ұрпаққа жетіп келе жатқан киелі өнерлерді қадірлеп келеді. Тарихы терең, арнайы зерттеуді қажет ететін сан алуан өнер түрін табиғат осы бір өнерсүйер ұлтқа төгіп бере салған. Ол – күй өнері, ол – шешендік сөз өнері. Басқа өнер түрлерін сөз етпестен бұрын осы күй өнерінің тарихы жайында білудің өзі ұрпаққа өнегелі іс болары анық.

Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарымыздың арғы-бергі тарихына көз жүгіртіп, талай рухани жаңғыруларға ие болдық. Бұл да өнер саласындағы тыңдаушының эстетикалық талғамын арттыру арқылы, психологиялық жай-күйін қалыптастыра отырып, мәдени мұраларды дәріптеуге шақырады және қалыптастырады.

Күй – жоғары талғамды, терең танымды қажет ететін өнер. Күй жанры бар халық – әлемдегі ең бір сезімі сергек, ойы ұшқыр, жан дүниесі өте бай халық.

Күй өнері – қазақ халқының ең басты рухани байлығының, жан дүние байлығының ең бір киелі, қасиетті түрі. Бұрынырақта еліміздің оңтүстік батысындағы Арал-Шалқар өңірінде ауылдағы ірілі-уақты той-томалақтарда, көпшіліктің басы қосылып бір үйде мәслихат, мәжіліс құрып отырғанда ортаға ауылдың бір күйшісін алдыртып, күй тыңдайтын. Бұл аймақта екінің бірі дерлік не домбырамен ән салып, не күй тартатын. Сонда сол шалдардың ішіндегі ең бір әу деп ән салмайтыны, дың еткізіп домбыра тартпайтынының өзі күйдің ырғағына беріліп, көзін тарс жұмып алып, анда-санда «беу, дүние-ай» деп қойып, енді бірде екпіндеткен, дауылдатқан, жауға қарсы аттандаған ереуіл күйлерге еліріп, отырған орнынан қопандап түрегеп кете жаздайтындары туралы талай естігенбіз. Бұл адам жанына, сезіміне зор әсер ететін құбылыс. Оның сырын мән бермей тыңдаған адам түсіне бермейді.

Күй дегеніңіз – қазақтың бүкіл тарихының шежіресі, жүрек лүпілінің жазбасы, жабырқаса мұңдасы жұбататын, жадыраса сырласы марқайтатын өнер. Күй тарихта қосыла алмай арманда болған қос жүректің өкініш пен өкіске толы үздіккен үні, қайғы-қасіретке душар болса, зары мен мұңының, азаттық пен еркіндік үшін қан кешіп, жан беріп, жан алысқан арпалысқа толы сәттерінің ең шебер, ең бір сырлы шежірешісі болып келді. Бүгінгі күні де күй өнерінің осындай құдіретін түсіне біліп, жоғалтып алмауымыз керек. Тәуелсіздік туралы, алаштың бақыт мекеніне айналған Астана жайында, жаңа заман хақында жазылып, нотаға түсірілген замануи күйлер де көкейге қонымды-ақ [1, б. 720].

Бүкіл түркі тілдес халықтардың ұлы бабасы атанған Қорқыт атамыздан бастауын алған өлшеуі жоқ өлмес мұраға ие болған кешегі Сыр сүлейлері: Тұрмағамбет, Жиенбай жырау, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Оңғар жырау, Сәрсенбай жырау, Шамшат Төлеповалар, бүгінгі Алмас Алматов, Б.Рүстембеков тәрізді таланттар халық арасынан шығып, халқын әнмен, жырмен тербеп, ойын оятқан, сезімін сергітіп, рухани биіктерге бастаған.

Рухани байлықтың таусылмас кеніне, кәусар бұлағына айналған жыраулық дәстүр тарихшылар мен археологтардың, әдебиетшілер мен этнографтардың, фольклоршылар мен музыка зерттеушілерінің назарынан тыс қалмай келе жатырғанына таң қалуға болмас. Сан-салалы қазақ өнерінің көп қырлы яғни синкреттік қалыпта дамыған жыраулық дәстүрдің көмеймен жырлау үлгісі алтай, тува, якут, өзбек, әзірбайжан, түркімен т.б. көптеген халықтардың, түркі тектес ұлттардың барлығына ортақ. Ал, бұл дәстүр бүгінгі таңда еліміздің Сыр бойында ғана сақталған.

Қазір небір ұлы далада өмір сүрген ұлылардың ой-санасы мен ұшан-теңіз ұлағатқа толы, өне бойы махаббат тұнығынан, адамзат атаулымен бірге туып, бірге өлетін зар мен мұңнан тұратын, шабыттанса шартарапқа шадыман шаттықтың шуағы мен шұғыласын шашып, әр алуан күйге түсіретін осынау ұлы өнердің өз еліндегі жағдайына қарап отырғанда талғамы биік, талантты ұрпақ алдындағы данагөй қария көз алдыңызға келеді. Осындай киелі өнер-күйді өзінің ең жақын сырласы, жанын ұғар ең жақын тыңдаушы да жоқтаушысы да қазақ, яғни қазақ деп аталатын басты тыңдарманынан айырылып қалмауымыз қажет.

Күй құдіретін танытар Қазақстанда Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі бар. Бұл оркестр басқа елдерде өнер көрсетіп, үнімен аспан астын дүбірге толтырып жүргені мақтаныш. Домбыра тарихы да қызықты.

Арқа, Жетісу, Қаратау өңірлерінде кең тараған домбыраның тұрқы қысқа, мойыны жуантық, шанағы бұрышталып шабылады. Жалпы көпшілік қаталықтан қалақ домбыра деп айдарлап кеткен бұл аспаптың көне түбірлік аталуы – қыпшақ домбырасы болуы мүмкін (Әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты трактатында сипатталатын гипжак аспабының түбірі – қыпшақ) [5, б.430] бұл шертпе күй тартуға қолайлы тоғыз пернелі аспап. Қазақстанның Батыс өлкесі мен Сыр бойында тараған мойыны ұзын, алмұрт пішінді домбыраның көне түбірлік аталуы – оғыз домбырасы деген ұйғарымға жақын, он екі пернесі бар, негізінен төкпе күйлер тартылады. Домбыраның бірінші байланатын пердесінің оғыз перде (соль диез) аталуы тегін емес, шабылуы да дутар аспабына ұқсас. Қазақстанның шығыс өңірінде кең тараған домбыра – алтай домбырасы деп түбірленеді, ол үш ішекті, жеті пернелі, көбінесе желдірме екпінді шертпе күйлер тартуға ылайықталған. Аспаптың бұл нұсқасы мұңғұл тектес ұлттардың арасына кең тараған топшұрға келіңкірейді, үні де көмей (хоомэй) мәдениетіне жуық. Осы аталған домбыралар қазақтың аймақтық күй мектептерінің айқындаушы десе де болғандай, әрбір түріне ылайық жинақталған күй қоры да мұны растайды. Бұл атаулардың тарихи негізі болғанмен домбыраның біртұтас аталуы көп қисынды, біз аспаптың туыстас халықтармен бірге жасасқан табиғаты мен сипатына қарай әрі қазақы күйшілік мектептерін нақтылау мақсатын көздейміз және домбыраның осылайша шартты түрде бөлінуін С.Өтеғалиеваның зерттеуіне сүйене келтіріп отырмыз [2, б. 39]. Домбыра атауларының бұлай бөлінуі қазіргі құлаққа түрпідей тимес үшін түсіндірме бере кеткен жақсы. Шындағында, домбыра тек қана қазақтың ғана аспабы емес, оның басқа ұлыстар мен ұлттарға да ортақтығы жоғарыда айтылды. Профессор Ә. Мұхамбетова бұл жөнінде мынадай талдау жасайды: «За различиями в конструкции инструментов стоит различие двух крупнейших стилей в домбровой музыке: стиля токпе, распространенного в районах Западного Казахстана и стиля шертпе, распространенного на востоке и юга республики. Различие этих стилей не есть различие в уровне развития, на наш взгляд, оно обусловлено генетически и носит качественный характер. Различные стили в результате развитие традиций различных народностей вошедших в состав казахов. Стиль токпе близок музыке туркмен, каракалпаков, шертпе–родственен музыке тюрков Алтая, Сибири» [3, б. 328]. Ә.Мұхамбетова күйдің стилінің туындауы арқылы домбыра аспабының қазақ ұлтын құраған басқа ұлыстарға тәніктігін дәлелдейді, яғни домбыра аспабының құрылысы мен үн шығару мүмкіндігі қазақпен туыс халықтардың бәріне ортақ.

Қазіргі уақытта қазақтың ұлы мәдени мұрасы – күй өнерінен алыстап бара жатқанымыз замана шындығына айналмаса екен деп тілейміз. Егер қазақ ұлты өзінің ататегінен қанына сіңген күй өнерін Батыстық өнерлердің кері ықпалынан сақтай алса, төл өнеріміз өміршең болады. Радио мен теледидар арқылы әртүрлі мерекелерде, той-томалақта «Сарыарқаны», «Көңілашар» мен «Адайды» бір-екі рет оркестрмен дүбірлетіп өте шығу өнерді насихаттау емес. Ол қазақы тыңдарманды алдарқату ғана, ал ол бір сәттік көрініс қана емес, қазақтың ұлттық мәдени мұрасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сол ұрпақтың қазақы жан дүниесін басқамен былғамаудың бір жолы күй өнерін кеңінен насихаттау болуы тиіс. Жүздеген, мыңдаған жылдар бойы, тіпті беріректен бастағанның өзінде Қорқыт баба ғұмыр кешкен дәуірден бері қазақтың жансерігі болып, әрбір қуанышы мен ренішінің, арманы мен мүддесінің, жүрек лүпілінің жазбасындай болып келе жатқан қобызбен, домбырамен тартылатын әр күйдің шығу тарихы бар екенін де бүгінгі екі қазақтың бірі біле бермейді. «Балбырауын» деген күйді Құрманғазы Браун деген әлде графтың балына арнап шығарған екен деген мәлімет те бар. Бұл мәліметтің анық-қанығы зерттелуі тиіс. Яғни күй өнері әлі де мұқият зерттеуді қажет ететін ізгі жұмыс деп білеміз.

Әртүрлі айтылатын «Көбік шашқан», «Қайран шешем» мен «Аман бол, шешем, аман бол», «Нар идірген» күйлерінің шығу тарихын да жіті зерттеп, тыңдарманға анық ақпарат жетуі тиіс.

Күйшілер заманында өзі тартып отырған күйдің әр сәтін әңгімелеп те отыратын болған. Мысалы, Арал, Шалқар өңірінде өмірден озған Бақыт Басығараев, Мергенбай Науанов деген күйшілер солай күйлердің шығу тарихын тыңдарманға айтып отыратын болған. Әсіресе, «Жем суының тасуы», «Шыныаяқ тастар», «Адай» күйлерін тартып отырып: «Міне, толқын жағалаудағы жарлауытқа соғып жатыр, міне, бір уыс топырақ суға шолп етіп құлап түсті» немесе «Адайдың» үшінші бөліміне келгенде «ал енді адайлар мен орыс әскерлері қырылысып жатыр» деп ара-тұра айтып қалып отыратын еді. Бұл жас күйші-тыңдармандар үшін құнды дерек болып, құлағында қалары анық.

Иә, күйді қазақтың екінші тілі десе де болады. Күй – махаббат, күй құлдықтың зары мен мұңы, азаттықтың, еркіндіктің жаршысы. Күй бірде «Сарыжайлаудың» салқын лебі, жасыл жазирасы болып көсілсе, бірде «Сылқылдақ» болып үкісі бұлғаңдаған бұраңбел бойжеткендей сылаң қағып шыға келеді. Ал небір от ауызды, орақ тілді шешен, ділмарлар, Шыңғыс ханға баласы Жошының өлімін естіртуге тілі жетпегенде «ақсақ құлан шошыған, хан ием-ау, хан ием, түсінбейсің бе

осыған» деп естіртіп берген де «Ақсақ құлан» күйі еді ғой.

Қазанғаптың «Шыныаяқ тастар» деген күйі бар. Ол былай: Қазекем бір үйде қонақ болып, дастарқан басында күй тартып отырады. Шай құйып отырған келіншектің күйді беріле тыңдап, әбден елтігені сондай, күйшінің кесесіне шай құюды ұмытып, домбыраға телміріп отыра береді. Сонда домбырашы күйден жаңылып қалмайын деп алақанын дастарқанның үстіне қойып, «шай күй» дегенді ымдап түсіндіріпті. Ол қашан қолын дастарқанға қойып, қайтып әкеп ішектерді қағысын жалғастырғанға дейін домбыраның үні үзілмей, күйді перне үстіндегі саусақтары жалғастыра берген екен. Күй содан «Шыныаяқ тастар» аталыпты деген қызықты мәлімет бар.

Қазақтың домбырасы түркі-монғол (арғы атасы – ғұн) мәдениетінің меншігі, тамыры тарихқа терең жайылған, байырғы аспап. С.Өтеғалиева Орталық Азиядағы танбур текті аспаптарды үш топқа бөледі: Сібір-Алтайлық, Ортаазиялық, Таяушығыстық [2, б. 234].

Күйді кез келген өнерпаз нотаға қарап орындай бере алмайды. Ол терең талғампаздықты, шынайы сезіммен орындауды талап етеді. Орындалу ерекшелігі дегеніміз – күйші күйдің әр бөлімін, әр сәтін жүреппен, бүкіл жан сезімімен түсініп, іліп қағатын жерде іліп, күреп қағатын жерде күреп алып, қажет жерінде су жорғаны сипай қамшылағандай қолы шанаққа тиер-тимес қып, қысқасы, күйдің әр тұсын соған сәйкес алуан-алуан қағыспен орындау.

Қазақ халқы барда жойылмайтын, қазақ күйшілері барда орындала беретін киелі «Адай», «Сарыарқа», «Жекпе-жек» күйлері – тыңдаған жанның жүрегін сыздатып, сай-сүйегін сырқыратып, қазақ ұлығының басынан өткен жағдаяттарды қозғайтын, өте сыршыл, өте мұнды, небір арманшыл кеудені аһ ұрғызатын терең ойға құрылған сырбаз күйлер.

Қазанғаптың «Торыаттың бөгелек қағуын» олар «Боз жорғаның бөгелек қағуы» деп аталып жүрген күйі тыңдарманның құлағына жағымды естіледі. Ал «Қыз Жібек» фильміндегі Н.Тілендиевтікі делініп жүрген «Жекпе-жек» деп аталып жүрген күй – біз білетін «Күй шақырыс» деген күйдің сәл өзгертілген түрі деген ақпарат бар [6].

Айта берсек, күй тарихы, күй тағдыры туралы әңгіменің шет-шегі жоқ. Бір ғана Дина Нұрпейісованың күйлерін осы төңіректе түгендеп шығу үшін талай-талай ғылыми да, көркем де дүниелер жазылуы мүмкін. Ал Қазанғаптың 62 «Ақжелеңі» – тұтас бір тарих [5, б. 430].

Жастайынан домбыра тартып, ел ішіндегі күйшілердің әңгімелерін тыңдап, бір-екі оркестрге қатысқан кісі күй өнерінің киелі де тарихын жеткілікті жеткізе зерттей алмайды және толыққанды күйшімін деу де артық.

Біздің айтпағымыз, бүгінде қазақтың ұлттық, яғни дәстүрлі өнерінің, оның ішінде күй өнерінің қадірін кетіріп алмай, жұртшылықтың, өнер адамдарының қаперіне салу ғана. Оның басты себебінің бірі Қазақ елі Тәуелсіздік алған жиырма алты жылдан бері заманымыздың теледидар, радио сияқты ең қуатты ақпарат құралдарында негізінен эстрада өнері дәріптелуде. Ұлттың күй өнері сияқты туындылары насихатталып, ұлттық өнер жандана түссе рухани жаңғыру болмақ.

Күй өнерін түсіну үшін әрбір қазақ тыңдарманы өз ана тілін жетік игергені, меңгергені абзал. «Өнер алды – қызыл тіл». Ал Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясынан бастап, музыка мектептеріне дейін көбіне-көп скрипка, фортепиано сияқты батыстық музыка аспаптарына күйден гөрі көбірек көңіл бөлінетіні – жасыруға келмейтін жайт. Жапонияда ана тілін білмейтін адам жапон деп есептелмейді. Ал біз қазір қазақша білмейтін адамға киелі өнердің құдіретін түсін, тыңда деу артық және қиындыққа соғары анық.

Ал бүгінгі жас өрендеріміз ұлттық дәстүрлі мәдениеттен алшақтап, бірыңғай даңғаза, батыстық, орыстық үлгідегі музыкаға ғана ден қойып, күй атаулыға мұрын шүйіре, тіпті жатырқап қарайтыны – өте қорқынышты жағдаят. Өйткені жастайынан қазақы дәстүрлі ән мен күйдің кәусарынан сусындамай, өзге елдің даңғаза әндерін тыңдап өскен жастарды қазақ халқының болашағы деу – үлкен қате. Олардан өз ұлтын, өз елін сүйетін шынайы ұлтшыл, отаншыл азаматтар шықпайды және мәдениет атаулының бәрі бірдей пайдалы, мәдениет бірін-бірі байытады деу көкейге қонбайды. Себебі қай халық көп, қай мемлекет күшті болса, сол халықтың, сол мемлекеттің мәдениеті өзі келген екінші бір мемлекеттің мәдениетін жұтып қояды. Біз түгіл, алпауыт Американың өзінде өзге бір елдің мәдениетін уағыздау, насихаттау мемлекеттік сатқындық деп есептеледі.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Ұлттық энциклопедия / Бас. Ред. Аяған Б. – Алматы, 2003.
2. Васильченко Е.В. Музыкальные культуры мира. 234 б.
3. Утегалиева С. Хордофоны Центральной Азии. – Алматы: 2006.
4. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
5. Әл-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – Алматы: Ғылым, 1993.
6. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
7. Сейдімбек А. Қазақтың күйшілік өнері. – Астана: Күлтегін, 2002.

К ВОПРОСУ ИСПОЛНИТЕЛЬСКОЙ СУДЬБЫ ОПЕРЫ К.СЕН-САНСА «САМСОН И ДАЛИЛА»

Тусбулатова З.

*Казахский национальный университет искусств
Научный руководитель – кандидат искусствоведения,
доцент КазНУИ Кузбакова Г.Ж*

